

Қазақстан Республикасының биологиялық сан алуандық туралы Конвенцияны мақұлдауы және онда көзделген міндеттемелерді орындауды ұйымдастыру жөнінде

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 тамыз 1994 ж. N 918

Биологиялық сан алуандықты сақтаудағы және биологиялық ресурстарды тиімді пайдаланудағы жауапкершілікті, 1992 жылы маусымда Рио-де-Жанейрода (Бразилия) өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта және даму жөніндегі Конференциясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қойылған биологиялық сан алуандық туралы Конвенцияның ауқымында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту қажеттігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының биологиялық сан алуандық туралы Конвенцияны мақұлдауы жөніндегі Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі - Қазақстан Республикасының биологиялық сан алуандық туралы Конвенцияны мақұлдағаны жөнінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына - аталған Конвенцияның депозитарийін мәлім ететін болсын.

3. Қазақстан Республикасының биологиялық сан алуандылық туралы Конвенцияда көзделген міндеттемелерді орындауын үйлестіру және бақылау жасау Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігіне жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының осы Конвенция ережелерінен туындайтын міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі жанынан қоғамдық негізде ведомствоаралық комиссия құрылсын.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану жөніндегі халықаралық міндеттемелердің орындалуына жауап беретін тиісті министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының орынбасарлары, сондай-ақ биологиялық сан алуандық саласындағы беделді мамандар комиссия құрамында болуы тиіс деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі: үш ай мерзім ішінде ведомствоаралық комиссия туралы ережені бекітіп, мүдделі министрліктер мен ведомстволардың келісімі бойынша оның жеке құрамын айқындасын;

жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің сирек және жойылып кету қаупі бар түрлерін қорғау, биологиялық сан алуандықты сақтау мақсатында осынау жануарлардың

тіршілік ететін жерлері мен өсімдіктердің өсіп-өнетін аудандарындағы шаруашылық қызметін реттеу шараларын қабылдап, жануарлар мен өсімдіктердің жойылып кету қаупі бар түрлері мен сұрыптарының саны мен ареалдарын сақтауға, қорғауға және қалпына келтіруге қатысты заңдық нормативтер мен ережелер әзірлеу мен қабылдауды жүзеге асырсын;

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып, үш ай мерзім ішінде қорықтық аймақтар мен объектілерге іргелес орналасқан аудандарда шаруашылық қызметін экологиялық-экономикалық негізде ұтымды жүргізуді, сондай-ақ жинақтамалар мен қорғалатын аумақтардағы өсімдіктер мен жануарлардың гендік қорларын сақтауды қамтамасыз етуші ұйымдар мен мекемелерге жеңілдіктер беру және материалдық ынталандыру жүйесін әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын;

1994-1995 жылдары ұсынылған жобалардың экологиялық сарабын жүргізудің процедурасы толық көлемде енгізілсін, мұның өзі зардаптардың алдын алу немесе мейлінше азайту үшін биологиялық сан алуандыққа елеулі дәрежеде қолайсыз ықпал жасай алады;

Қазақстан Республикасының Конвенцияда көзделген міндеттемелерді орындауына қатысты қажетті құжаттар мен материалдарды әзірлеп, Конвенцияның Хатшылығына табыс етсін.

6. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, облыстардың әкімдері, мүдделі министрліктер мен ведомстволар республика аумағында биологиялық сан алуандықты сақтау мақсатында қорғалымдар, қорықтар, табиғи ұлттық парктер, генетикалық резерваттар және басқа да қорғалатын аумақтар мен объектілер желісін ұйымдастыруды көздесін. Қорғалатын табиғи резерваттардың, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциялардың материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде шаралар қабылдасын. Телімдерді резервке алуды және олардың аумақтарында шаруашылық қызметін шектеуді көздей отырып, объектілердің дамуы мен орналасуының республикалық және облыстық (аймақтық) схемаларын әзірлеп, іске асыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы Қазақстанның табиғи кешендерінің биологиялық сан алуандығын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеуді күшейтсін. 1994-1995 жылдары биологиялық сан алуандылықты, оның қоршаған ортадағы кең ауқымды экологиялық табиғи-ресурстық мониторингісі құрамындағы мониторингісін қоса қамти отырып, тұрақты түрде сақтау мен ұтымды пайдаланудың Ұлттық бағдарламасын әзірлесін.

8. Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы және Қазақстан

Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі республика аумағында генетикалық қорды сақтау және қолға үйретілген жануарлардың абorigендік тұқымдарын қалпына келтіру жөнінде шаралар кешенін, сондай-ақ селолық тауар өндірушілердің биологиялық сан алуандықтың сақталуын қамтамасыз ететін агроэкожүйелердің биологиялық ресурстарын ұтымды пайдаланудың ғылыми негіздерін әзірлесін.

9. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ұлттық ғылым академиясы, Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, Қазақстанның табиғи жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлеміне тән емес, әрі жат, араласуы мен бейімделуі су және жер бетіндегі экожүйелерге белгілі бір дәрежеде зиян келтіруі мүмкін түрлердің жерсінуін болдырмау жөнінде тиісті шаралар қабылдасын.

10. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі 1994 жылы биологиялық сан алуандықты сақтау және тұрақты түрде пайдалану саласында белгіленген тәртіп бойынша Халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық бағдарламасын әзірлеп, бекітсін.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының биологиялық сан алуандық туралы Конвенциядан туындайтын міндеттемелерді орындауына байланысты мемлекет мұқтажы үшін министрліктерге, ведомстволар мен облыстық әкімшіліктерге жыл сайын қаржы қаражатын бөлуді қарастырсын.

12. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттік пен Қаржы министрлігі басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан түсетін сыртқы қаржылай және техникалық көмекті пайдалану бағыттарын айқындау кезінде Қазақстан Республикасының биологиялық сан алуандық туралы Конвенция бойынша міндеттемелерді қажетті жобаларды ескеретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі